

Төрәлі ҚЫДЫР

АХМЕТ ТАРАЗИДЫҢ «ФУНУН-Е БАЛАҒА» (ХУ Ғ.) АТТЫ ТЕОРИЯЛЫҚ  
ЕҢБЕГІНІҢ ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АЛАР ОРНЫ

*В статье делается анализ теоретическим произведениям Ахмеда Тарази, жившего в XVв, и дается обзор произведениям средневековых турецких письменных теоретиков.*

*В makalede Ortaçağ Türk Yazma Edebiyatı teori uzmanlarının çalışmalarına müracaat edilip, Ahmet Tarazi'nin teorik eseri çözümlendi.*

Орта ғасырлық түркі ақындарында өз шығармаларының түркі тілінде жазылып отырған ең алғашқы туындылардың бірі екендігі туралы айтылатын бір үрдіс бар. Бұл әсіресе Қарахандықтар дәуірі мен Алтын Орда тұсында дүниеге келген әдеби жәдігерлерге тән қасиет. Себебі Ислам өркениетінің аясында өмір сүрген түркі ұландары алғашында өздерінің шығармаларын араб не парсы тілінде жазды. Осы тілдердің негізінде қалам тербеп, өздерінің қайталанбас жыр жолдарын дүниеге алып келді. Сондықтан да сөз өнеріне қатысты трактаттар мен зерттеулер де осы тілде жазылды. Өзге халықтан шыққан зерттеушілерді айтпағанның өзінде, түркі даласының тумасы Әбу Нәсір Әл-Фараби өзінің «Өлең және ұйқас туралы», «Өлең ырғағы туралы», «Поэзия өнерінің негіздері туралы трактат», «Өлең өнері» және «Өлең кітабы» деген еңбектерін араб тілінде жазды [1. 185]. Сондай-ақ Хәтиб Тебризидің де «Аруз бен қафия ілімдерінің соңы» деген шығармасы араб тілінде дүниеге келді [2]. Себебі өз шығармаларын араб тілінде жазу үрдісі сол заманның талабынан туындап еді. Бертін келе түркі тілінің де поэзия тіліне айналуымен ғылымға деген сұраныс та өзгерді. Соның нәтижесінде Науаи, Бабыр секілді саңлақтардың өлең өлшеміне қатысты жазылған еңбектері дүниеге келді. Десек те соңғы жылдарғы зерттеулер мен ізденістер ХУ ғасырдың алғашқы жартысында түркі тілінде дүниеге келген тағы бір еңбектің жазылғандығын анықтап берді. Осы уақытқа дейін ғылыми ортаға белгісіз болып келген бұл еңбек туралы алғашқы мәлімет берген белгілі ғалым Эргаш Омаров болатын. Ол 1993 жылы АҚШ-қа барған сапарынан бірнеше сирек қолжазбаларды алып келді. Солардың ішінде Тараздан [3] шыққан Шайқы Ахмет ибн Хұдайдад Таразидың «Фунуне балаға» деп аталатын туындысын алып келіп, түркі дүниесі үшін үлкен бір сыйлық жасады. Осы уақытқа дейін белгісіз болып келген бұл шығармаға деген қызығушылық артып, Абдуқадыр Хайитметов бастаған бір топ бауырлас өзбек ғалымдары бұл еңбекті бүгінгі өзбек тіліне тәржімалады [4]. Содан бастап біртіндеп ғылыми айналымға ене бастады [5].

Шайқы Ахмет Таразидың «Фунуне балаға» атты шығармасы - орта ғасырлық түркі жазба әдебиетінің теориясына арналған құнды еңбек. Бұл еңбектің жазылған уақыты жайлы автордың өзі «Rasul `alayhı äs-salawat wä

sälläm hijratindin sekkiz yuz qırq yil utub erdikim, bu `elmğa şuru` etib, fars wä turk alfazini tarkib aylab, tartib qilduq. Tamam buldi. Atini «Funune balağa» qoyduq. Wä ba`zi yaranlar «Latafiy Tarazi» häm derläär» яғни «Расул (ғ.с.)-ның hijретінен сегіз жүз қырық жыл өтіп еді, осы ілімді бастап, парсы және түркі сөздерін түзіп, жасадық. Аяқталды. Атын «Фунуне балаға» деп қойдық. Кейбіреулер «Латафий Тарази» деп те атайды», деп жазады. Бұдан шығарманың hijри 840 жылы (біздің жыл қайыруымыз бойынша 1436-37жж.) аяқталғаны белгілі болады. Әрі шығарма халық арасына «Латафий Тарази» яғни «Таразидың мейірімділігі» деген атпен де тарағанын аңғарамыз. Сондай-ақ шығарманың сол заманның белгілі патшасы Ұлұқбекке арнап жазылғандығын да автор атап өтеді һәм оның атына мақтау-мадақтаулар жолдайды. Шығарманың жазылу тарихына назар аударсақ, бүгінгі күні бізге белгілі теориялық еңбектердің ішінде ең алғаш жазылған деуге толық негіз бар.

Шығарма орта ғасырлық түркі әдебиетінің, соның ішінде өлең сөздің жазылу қағидалары мен өзіндік шарттарына, сондай-ақ сол заманда кеңінен қолданылған әдеби жанрларды талдауға арналған. Автордың өзіне дейінгі жазылған теориялық еңбектерді зерделең, содан кейін ғана осындай құнды шығармаға отырғандығы аңғарылады. Себебі мұнда тек әдеби жанрлар, шайырлық шеберлік пен әдеби өрнектермен бірге, аруз бен қафия ілімі де кеңінен талданады. Шығарманың қандай тақырыптарды көтеретінін Таразидың өзі «Фехресту әл-фунун» яғни «Пәндер мазмұны» деген бөлімде былайша атап өтеді:

Avvalđi fanda şe`rning aqsamin wä anwä`in şarh qılır;  
Ekkinçi fanda qafiya wä radifning qawa`idin bayan aylar;  
Üçinçi fanda süzning bâdai`in wä sânâi`in zikr etar;  
Turtinçi fanda şe`rning taqti` wä äwzanin taqrir qılır;  
Beşinçi fanda mu`ammaning usul wä ärkanin tahrir etar.

Яғни алғашқы бөлімінде поэзияның жанрлық ерекшеліктері кеңінен қамтылады. Мұнда ғалым он әдеби жанрдың өзіндік ерекшеліктерін баяндайды. Екінші бөлімде өлеңнің соңында келетін қафия мен редифтің қағидаларын түсіндіреді. Үшінші бөлімде өлең сөздің көркемдігі мен шайырлық шеберлікті кеңінен сөз етеді. Төртінші бөлімде аруз өлшеміне, оның түрлеріне тоқталады. Бесінші бөлімі бүтіндей муамма жанрының жазылу шарттарын түсіндіруге арналған.

Осындай іштей бес тарауға бөлінген ғалым мұрасы бізге толық қалшында жетіп келмеген. Олай деуімізге себеп төртінші тараудың, яғни аруз іліміне қатысты бөлімі үзіліп қалған да, содан кейін келетін муамма жөніндегі тарау жоқ. Бұның кәтіш (көшіруші) тарапынан кеткен қателігін немесе көшірушіге толық жетпегінен білу қиын. Шығарманың соңында «Енді үлгі болу үшін алты негізгі бахрдың шеңберлерін көрсетейік...» дегеннен

кейін қолжазба аяқталмай қалған. Тек соңында бұл еңбекті көшіруші Бұхара патшалығында Мир Куланки атымен танымал болған Мир Хусейн Хусейни екендігі әрі һижри санағы бойынша 989-шы жылы көшірілгені айтылған. Осыған қарағанда шығарма дүниеге келгеннен кейін 149 жылдан кейін қайта көшірілген болып шығады. Бір жарым ғасырға жуық уақыт ішінде ғалым мұрасының кәтішке толық жетпеуі де мүмкін. Десек те шығарманың үшінші тарауында муамма жөнінде қысқаша мәлімет берілгенін айта кеткеніміз жөн.

Ахмет Тарази шығармада сөз өнерінің асыл қасиеттері мен шарттарын түсіндіру барысында тек теориялық түсініктермен ғана шектелместен, әр ұғым мен термин түсінікті болуы үшін мысалдарды пайдаланып отырады. Осындай мысалдардың қатарында пасы өлең жолдарымен бірге, түркі жазба әдебиетінің озық үлгілерін де кеңінен қолданған. Өзіне дейінгі һәм өзімен замандас пайырлардың шығармаларынан үзінділер бере отырып, ондағы сәтті шыққан әдеби өрнектер мен пайырлық шеберліктерді ашып көрсетеді. Түркі жазба тілінде дүниеге келген әдеби мәтіндерді талдау барысында ғалым сол заманның әдеби өмірінен мол хабар берумен қатар, осы уақытқа дейін ғалымдар арасында екіұшты пікір тудырып келген кейбір шығармалардың авторларын анықтап беруде, бүгінгі ғылымға аттары белгісіз немесе авторлары белгілі болғанымен де, сол пайырдың бізге беймәлім жаңа өлең жолдарын ұсынады. Осындай мәселенің бірі ретінде осы күнге дейін әдебиет майдышында Лүтфидің шығармасы ретінде зерделеніп келген «Гүл және наурыз» шығармасының шынайы авторы Хайдар Харазми екенін атап өтуі ұзақ жылдар бойғы екіұшты пікірлерге нүкте қойды десек артық айтқандық емес. Бұл мәселеге ғалым мұрасын алғаш рет ғылыми айналымға түсіру кезінде ғалымдар да ерекше назар аударып, бұл еңбектің құндылығын бағалаған [1].

Автор поэзияға қатысты көптеген еңбектердің жазылғандығын, алайда өлең сөздің бар сырын толық ашып беретін бірде-де бір еңбектің жоқ екендігін, сол үшін де өзі осы салаға қол ұрып отырғанын жазады. Адамзат баласы жаратылғалы бері назым (поэзия) мен нәсірдің (проза) қатар өмір сүріп келе жатқанын айта келіп:

Nazım tawıs äst dâr bođi balođat jilwagar  
K-äz kamol-e jilway-e u `aqli kull şayda şawad  
Näsır dâr buston-e hatir tuti-i şirin nawost  
Z-on säbâb täsir-e fâhm äz ne`mätâş päydo şawad.

Яғни:

Назым (поэзия) көркемдік бағында жалтырайтын тауыс  
Оның барша жалтырағы ақылдыны өзіне ынтық етеді.  
Нәсір (проза) пікір бостанында тотыға ұқсап төтті сөйлейді,  
Сол себепті оны тез түсініп алуға болады.

Өлеңді жалтыраған тауысқа, қара сөзді тәтті тілді тотыға теңеген ғалым шығармасында өлеңнің түрі, жасалу жолы, ондағы өрнектер, ұйқас пен ырғақты толығымен ашып берген. Әуелі болып өлеңнің түрлерін қасида, ғазал, қытға, рубаи, мәснәуи, таржиғ, мусаммат, мұстазад, мутәууәл және фард атап өтеді де, әрқайсысына жеке-жеке анықтама береді. Сондай-ақ осы аталған түрлермен Аллаға мадақ айтылса, таухид, пайғамбарға салауат айтылса, нағт, Аллаға жалынып-жалбарыну тұрғысында айтылса мінажат, төрт әділ халифты мақтаса, манақиб, әкім-қараларды дәріптесе, мадақ, дүниеден өткен адамды есіне алса, мәрсия, біреуді келемеждесе, һәжу болатындығын жазады. Мысалы шығыс мұсылман әдебиетінде, соның ішінде түркі жазба жәдігерлерінде кеңінен қолданылған рубаи жанры туралы Ахмет Тарази «Рубаида төрт мисрағ (жол) болады. Алғашқы, екінші және соңғы мисрағында қафия жасалады (ұйқасады). Үшінші жол (шайырдың) ықтияры. Егер қафия жасаса (ұйқасқа салса), рубаи мусаррағ деп атайды», деген анықтама береді.

Әдебиет жанрларын қарастырған зерртеушілердің бәрі де рубаиға осындай сипаттама берген. Сондай-ақ рубаидың өзге төрттағандардан (қытға, тұйық, дубәйти) айырмашылығы арузбен байланысты екендігі айтылған. Ашып айтсақ, «мәф`улу мәфә`илу мәфә`илун фә» уәзінінде болғанды (бұдан 24 уәзін қалыбы) ғана рубаи деп атау керектігі айтылған. Сондай-ақ кейбір ғалымдар «Лә хәулә уә лә қууәтә иллә билләһ» уәзініне түскенді ғана рубаи деп атау керектігін алған тартқан. Алайда Ахмет Таразидің бұл еңбегінде рубаидың анықтамасы өзге төрттіктерден ажыратылмаған. Тіпті төрттіктердің қатарында тек рубаиды ғана атап өтеді де, тұйықты қосымша ретінде қосып, оның түркі шайырларының қаламына тиесілі екендігін ғана айтады. Сондай-ақ, тұйықтың басты айырмасы ретінде берілетін қафияның омонимдес сөздермен берілуін рубаидың келесі бір түрі ретінде қарастырған да, оны мужаннас, яғни омноимдес дейді. Бүгінгі еңбектерде тұйықтың өзге төрттағандардан басты айырмасы – аруздың «фә`иләтун фә`иләтун фә`илун» уәзінмен жазылып, негізінен, соңғы ұйқастардың омонимдес болып келуі ретінде сипатталады. Сондай-ақ, жазба әдебиетте (негізінен парсы әдебиетінде) кеңінен қолданылатын дубәитидің басты өзгешелігі ретінде, оның аруздың «мәфә`илун мәфә`илун фә`улу» уәзініне түсуі керек дейтін пікірлер де бар. Осы тұрғыдан алған уақытта Тарази еңбегі түркі жазба мұраларында кеңінен қолданылған бірнеше төрттағандардың бәрін жіктеп отырмастан, тек рубаи түрімен ғана таныстырып өткенін көреміз.

«Фунуне балағаның» екінші тарауы қафия мен реди́фке арналған. Бұл туралы автор «Ғалымдар тобы мен оқымыстылардың жолында жаңа үйренушілерге қафия ілімін білу қажет. Себебі үйренудің нәтижесі өлең. Ал өлеңнің негізі қафия. Қафиясыз өлең (шығару) мүмкін емес», деп, қафияны араб ғалымдарының мутауатир, мутарадиф, мутакариб, мутадарик және мутауакис деп беске бөлгенін, оған ажам оқымыстыларының мутасауи,

мутаражиһ және мутазайид деп сегізге жеткізгенін жазады. Сондай-ақ редифтің өзіндік шарттары мен ерекшеліктері де кеңінен қамтылған.

Кітаптың үшінші тарауы өлеңдегі өрнек екенін жоғарыда айтып өттік. Осы бөлімде ғалым «әрбір өнерге түркі сөзбен мысал келтіріш» қана қоймастан, сонымен бірге қасиетті Құран аяттары мен пайғамбар хадистерінен де мысалдар келтірген. Жалпы ұзын саны жүзге тарта шайырлық шеберлікке анықтама берген һәм оны мысалдармен безеген. Солардың ішінде бірінші тарсиғ өлең құрылысына былайша анықтама береді: «Тарсиғ – сөздікте алтын, күміске гауһар орнатуды айтады. Термин ретінде тарсиғ дегеніміз – алғашқы мисрағтағы сөздің келесі мисрағтың әр сөзі сол (бірінші мисрағтағы) сөздің астында келтіріш, бір уәзінде, бірдей үндестіріш, соңғы әрішін жақындатуды айтады», - дейді де, қасиетті Құран аятынан, пайғамбар хадисінен мысалдар келтірген.

Тарсиғ өлең құрылысы туралы көптеген ғалымдар хабар берген. Солардың бірі Ә.Науаи. ол өзінің «Мухакаматул луғатайн» атты шығармасында Хожа Кәлимиддин Салман қасида майданының майталманы екендігін айта келіп, оның «Маснуғ қасидасына» қалам тартып, соның алғашқы екі жолын тарсиғ үлгісімен жазғанына тоқталған болатын. Алайда Науаи да бұл терминге анықтама бере келіп, матлағдан (матлағ - алғашқы бөйіт, яғни алғашқы екі тармақ) өзге жерде болмайтынын атап өтеді (31-32). Ал Тарази Науаи секілді тек матлағта ғана кездесу керектігін ашып айтпаған. Сондай-ақ Науаи бұл өлең құрылысының өте қиын екендігіне, оны кез-келген шайырдың ештеі алмайтынан ескертеді ( ترصيع صنعتي کيم مطلع دين اوزکا بيت دا بولا (الماس)). Мұндағы екі ғалымның тарсиғ деген ұғымға екі түрлі жолмен анықтама беріп тұрғанына назар аударған жөн. Себебі Таразидың келтірген мысалдары тек шайыр шығармаларының матлағында ғана кездеспейтіндігі ақиқат. Сонымен бірге оның Құран аяты мен пайғамбар хадисінен мысал келтіруі осы ойды нақтылай түседі. Ал Науаи, Кәлимиддин Салманның қасидасын айтып отырғандықтан да, қасиданың матлағы ғана ұйқасып, қалған кезде сатылып ұйқасатынын ескере келіп, тек алғашқы бөйітте ғана тарсиғ өлең құрылысын қолдану мүмкіндігіне тоқталған деуге толық негіз бар. Себебі өлең сөздің теориясын қарастырған ғалымның бәрі де бұл өлең құрылысын тек матлағта ғана қолдану керектігіне тоқталмаған. Мысалы XI-XII ғасырда өмір сүрген Хәтиб Тебризи де тарсиғқа Ахмет Тарази секілді анықтама берген ( والترصيع) ...مقاسمة النظم متعادلة الوزن حتى يشبه ( ذلك الحلی فی ترصيع جوهره (403бетте).

Тағы бір ескеретін жағдай Науаи шығармасынан үзінді келтіріп отырған Салманның келесі бір өлең жолын Ахмет Тарази да берген. Осы екі ғалымның оған сілтеме жасауынан Салманның өз заманының (Науаи айтқанындай) сөз зергері болғанын аңғару қиын емес.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. Ежелгі және орта ғасыр әдебиеті. 10 томдық. II том. Алматы: ҚазАқпарат, 2006. -448 б.
2. Хәtib Tbrizi. Kitab әl-kafi fi-l-әruz vә-l-qәvafi. Вакi: Tural NPM, 2005. - 426 s.
3. Ныспысынан білініп тұрғандай ғалым Жамбыл облысының орталығы Таразда дүниеге келген. Осы орайда парсы тарихшы-географы Әмин Ахмет Разидің «Һәфт иқлим» («Жеті ықылым») (1593 жылы) атты шығармасында Тараз туралы айта келіп «طراز...و علامای» «واجب الاعزاز از آن بسیار پدید آمدہاند» яғни «Тараз... (ол жерден) ардақтау уәжіп болатын көптеген ғалымдар шыққан» деп жазған жолдары еске түседі.
4. Ғалымдардың бұл жемісті еңбектері 2002 жылы «Узбек тили ва адабиети» журналында жарық көрді. Біз мақаланы дайындау барысында негізгі сілтемелерді осы еңбектен алдық.
5. Бүгінде шығыстанушы Ислам Жеменейдің де осы еңбекпен айналысып жүргенін ерекше айтып өткеніміз жөн.
6. Алишер Навоий. Муқаммал асарлар туплами. 16 том. Ташкент: Фан, 2000. – 336 б.

**REZUME**

**KYDYR T. (Turkistan)**

**PLACE IN TURKISH LITERATURE OF THEORETICAL WORKS OF AHMED TARAZI  
“FUNUN-E BALAGA” XV CENTURY**

The article makes a theoretical analysis of the works of Ahmed Tarazi, who lived XVth century and provides an overview of the works of medieval Turkic Written theorist.